


ISSN 2073-333X  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№12/3 (149) 2020

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА**  
**SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**



**«АЛАУ» МҰЗ АЙДЫНЫ**  
**ЛЕДОВЫЙ ДВОРЕЦ «АЛАУ»**  
**ICE PALACE «АЛАУ»**

*«Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым».*  
Александр Македонский

*«Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр».*  
Мұхтар Әуезов



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**“ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ – НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА”** халықаралық ғылыми журналы ғылыми сілтеме жасау индексіне тіркелген (ИНЦ).

Журнал ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған заңтану, филология, педагогика, философия, өнертану ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

**2009 жылдан бастап ай сайын сегіз тілде жарық көреді (қазақ, орыс, ағылшын, француз, қытай, чех, венгер, неміс тілдерінде).**

Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.  
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 – 333X, Париж, наурыз, 2009 жыл.

Журналға жазылу «Қазпошта» және Қазақстан Республикасының барлық пошта

бөлімдерінде жүргізіледі.

Журнал «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор **Е.О. Алаухановтың** ғылыми жетекшілігімен шығады.

Журналдың бас редакторы проф. Е.О. Алауханов 2019 жылдан бастап ғылыми редакторлар мен баспагерлер ассоциациясының (Ресей, АНПИ) мүшесі болып табылады.

Қазіргі таңда журнал отандық ғылым дамуының кілті ретінде **Мемлекет басшысының** баяндамасында айқындалған халықаралық ғылыми метрикалық көрсеткіштер базасына қолжеткізуге мүмкіндік береді (**Web of science, Clarivate Analytics, Scopus**).

Басылымда мақалалар төмендегідей ғылыми бағыттар бойынша жарияланады:

- Байқау жеңімпаздары;
- Тарих пен ғылымдағы есімі ерен тұлғ;
- Білім мен ғылым мәселелері;
- Жас ғалымдар мінбері;
- Мерейтой;
- Айтулы шара;
- Рецензиялар, жаңа кітаптар.

**МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS**

**ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE**

|   |    |
|---|----|
| <b>Ергалиева Кулянда Сасиповна, Шапихова Құралай</b><br>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ .....   | 21 |
| <b>Қалқаманұлы Данияр, Пиштаев Рауанбек Қайратбекұлы</b><br>ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР: НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ .....   | 25 |
| <b>Қалқаманұлы Данияр, Уралбаева Қарлығаш Бөкенбайқызы</b><br>ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСС ҚЫЗМЕТІНДЕ ІЗГІЛІК ҚАҒИДАСЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІНЕ .....  | 31 |
| <b>Муйденова Алия Калжановна, Дусипов Еркін Шажиевич, Исаева Жанат Амандыковна</b><br>ШЕТЕЛДІК ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІ ҚОЗҒАУ<br>ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....  | 34 |
| <b>Сабиrow Камал Канаткалиевич, Мукашева Анар Абайхановна,<br/>Ибраев Алишер Серикболович</b><br>ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ КӨШУІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ДАМУ ТАРИХЫ.....   | 42 |
| <b>Садуақасова Лаура Байкеновна, Куджакова Ризана Галымовна</b><br>МҰРАНЫ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....   | 47 |
| <b>Сапарғалиев Кайрат, Дильбарханова Жанат Рахимжановна</b><br>ЖАСТАР АРАСЫНДА ЕСІРТКІНІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ.....   | 51 |
| <b>Сералиева Алия Мажитовна, Қонырбаева Динара Талғатовна</b><br>АДАМНЫҢ ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ ВИРУСЫН (АИТВ) ЖҰҚТЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰҚЫҚ<br>БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ СУБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫН САРАЛАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ҚР ҚК 118<br>бабы) ..... | 55 |
| <b>Таджиханова Бахыткуль Талипбековна, Байзакова Раушан Бекмахановна</b><br>К ВОПРОСУ О ПОНЯТИИ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ .....  | 59 |
| <b>Таубаев Бауржан Рыспекович, Мусекенова Айжан Айдыновна</b><br>СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СЛУЖБ ПРОБАЦИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЗАРУБЕЖНЫХ<br>ГОСУДАРСТВ.....   | 63 |
| <b>Татаринова Лола Фуркатовна</b><br>ПРАКТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КВАЛИФИКАЦИИ ДОВЕДЕНИЯ ДО САМОУБИЙСТВА С ПОЗИЦИИ<br>НАЦИОНАЛЬНОГО УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН .....   | 67 |
| <b>Токашова Гулназ Жеткизгеновна</b><br>СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУДЫҢ<br>МАЗМҰНЫ .....  | 72 |
| <b>Төлеева Алия Советханқызы, Карякина Регина Александровна,</b>  |    |

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PEDAGOGICAL SCIENCE**

|  |     |
|--|-----|
| <b>Аблайханова Нуржанат Татухановна, Сайдахметова Айдана Қанатқызы</b><br>ОҚУ ҮРДСІНДЕ КОУЧИНГ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ.....  | 114 |
| <b>Асанова Жанна Сексенбаева, Тілеубай Серсенкүл Шайқамалқызы</b><br>SMART БІЛІМ БЕРУ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ.....   | 121 |
| <b>Бакиров Ильяс Исхарович</b><br>ДИАГНОСТИКА КОМПЕТЕНТНОСТИ ВЫПУСКНИКА КАК ЭЛЕМЕНТ САМООЦЕНКИ<br>ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВОЕННОГО, СПЕЦИАЛЬНОГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ.....  | 126 |
| <b>Ертарғынқызы Динара, Рамазанова Самал Амиргалиевна</b><br>БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ИДЕАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ<br>ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ.....  | 134 |
| <b>Жақинбаева Бақытгүл Болатовна</b><br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ДИСТРАФИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША<br>ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАСТАР.....   | 140 |
| <b>Құздеубаева Алия Бекхожиевна, Жакаева Салтанат Ануарбековна</b><br>НЕКОТОРЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ.....   | 145 |
| <b>Оразева Гульжан Сериковна, Турдиева Интизар Полатовна</b><br>ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СТАНОВЛЕНИЯ ПСИХОЛОГО-МЕДИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ<br>КОНСУЛЬТАЦИИ.....  | 153 |
| <b>Рамазанова Самал Амиргалиевна, Асылбеқызы Мөлдір</b><br>ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН<br>ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ.....   | 157 |
| <b>Ризаева Луиза Абдуллақызы, Кішібаева Дариха Джунисбеқызы</b><br>ЕСЕП ШЫҒАРУ БАРЫСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН<br>ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....   | 160 |
| <b>Ризаева Луиза Абдуллақызы, Кенжебекова Рабига Ибраһимқызы</b><br>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ.....   | 164 |
| <b>Салықова Алия Амантаевна, Мынбаева Айгерим Қазиевна</b><br>СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ ЛИДЕРСКИХ НАВЫКОВ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ:<br>ПОДХОДЫ И ПРАКТИКА.....   | 169 |
| <b>Сембаева Ардак Мауленовна</b><br>ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЭТИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК РЕЗУЛЬТАТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ<br>ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ.....   | 173 |
| <b>Сыдықова Зухра Битпаевна, Қожасельдиева Сауле</b><br>БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....   | 175 |
| <b>Тасболатова Рыскуль, Жақанова Бағдат Ерланқызы</b><br>ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....  | 179 |
| <b>Тасболатова Рыскуль, Үйсембаева Мөлдір Саматовна</b><br>МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ.....  | 182 |
| <b>Таубаева Шаркуль Таубаевна, Бағланова Роза, Матниязова Дина Хожанияқызы</b><br>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖЕТІСТІКТЕРІН<br>БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ.....                          | 186 |
| <b>Таубаева Шаркуль Таубаевна, Матниязова Дина Хожанияқызы, Бағланова Роза</b><br>БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ<br>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ: ТАРИХЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ..... | 193 |
| <b>Түлегенова Эльмира Сериковна</b><br>ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ В ВУЗЕ.....   | 202 |
| <b>Турметова Гульмира Жусуповна, Әбдікерімова Алулы Сабырқызы</b><br>БИОЛОГИЯ КҮРСЫНДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ<br>ТИМДІЛІГІ.....  | 206 |





# ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА PEDAGOGICAL SCIENCE

МРНТИ 14.07.09

**АБЛАЙХАНОВА НУРЖАНАТ ТАТУХАНОВНА**  
Биология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**САЙДАХМЕТОВА АЙДАНА ҚАНАТҚЫЗЫ**  
Білім ғылымдарының магистрі, оқытушы  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

## ОҚУ ҮРДІСІНДЕ КОУЧИНГ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

**Түйін.** Мақалада қазіргі білім беру саласында қолданылатын инновациялық технологиялардың өзектілігі қарастырылған. «Коучинг» ұғымының терминдік мәніне анықтама беріліп оқыту үрдісінде қолданудың тиімді жақтары көрсетілген. Сондай-ақ биология пәні бойынша коучинг әдістемесінің негізінде ұйымдастырылған сабақтың кезеңдері бойынша орындалатын тапсырмалардың үлгілері мен нәтижелері көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** коучинг, миға шабуыл, жасушаның танымдық шеңбері, прокариот, эукариот, органоидтар.

**Резюме.** В статье представлена актуальность инновационных технологий, применяемых в современной сфере образования. С определением терминального значения понятия "Коучинг" определены эффективные стороны применения в учебном процессе. Также будут показаны образцы и результаты заданий по этапам урока, организованного на основе методики коучинга по биологии.

**Ключевые слова:** коучинг, мозговой штурм, познавательный круг клеток, прокариот, эукариот, органоиды.

**Summary.** The article presents the relevance of innovative technologies used in the modern field of education. With the definition of the terminal meaning of the concept of "Coaching", the effective aspects of application in the educational process are determined. Samples and results of assignments by stages of the lesson, organized on the basis of the method of coaching in biology, will also be shown.

**Key words:** coaching, brainstorming, the cognitive circle of cells, prokaryotes, eukaryotes, organelles.

### КІРІСПЕ

Қазіргі кезде әлемдегі білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Заман талабы – жаңаша оқыту. Қоғамның қам саласы болсын жаңаша құру – уақыт талабы. Ал білім берудегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтажықтарына сәйкес, оның дамуының қажетті және табиғи шарты [Тіршібаева М.Б., 2012, б. 114-116]. ХХІ ғасыр жоғары технологиялар ғасыры болғандықтан, білім беруді ұйымдастыруға қойылып отырылған талап та жоғары. Әсіресе оқушылардың таным белсенділігін қалыптастыруда оқытудың жаңа технологияларын қолдану ерекше маңызды деп айтсақ та болады. Әрбір технология өзіндегі жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді [Аблайханова Н.Т., 2020, б. 146]. Соның ішінде біз қарастырып отырған коучинг білім

беру саласына жаңа мүмкіндіктер беріп, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді біріктіретін әдістеменің бірі. Ал, коучинг дегеніміз не? Бірнеше анықтама беріп кетейік.

Коучинг – Батыс елдерінен келген психологтардың жаңа жұмыс үлгісі. Коучинг үйретпейді, үйренуге көмектеседі (Тимоли Гольк). Ол тек спортта ғана емес, бизнесте, экономикада, саясатта, білім беруде және басқа да маңызды салаларда қолданылады [Поалов А.В., 2012, б. 131].

Коучинг – адамға қажетті әдістер мен мысалдарды пайдаланған кезде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін процесс [Барнастова Ж.В., 2007, б. 87].

Негізгі бөлім. Жоғарыда көрсетілген анықтамалардың негізінде білім беру саласында коучинг әдістемесін қолдану оқушылардың өздігінен шешім қабылдап, өздеріне деген сенімділікті

арттыратын әдістердің бірі екенін көріп отырыңыз. Коучинг әдістемесінің негізінде ұйымдасты-

рылған сабақтың қысқа мерзімдік жоспарының үлгісі төмендегі 1-кестеде ұсынылады.

**1 – кесте**  
**Коучинг әдістемесі негізіндегі сабақтың қысқа мерзімді жоспары**

| Қысқа мерзімді жоспар                             |   |
|---|---|
| Сынып   | 8   |
| Сабақтың тақырыбы                                 | Прокариот және эукариот жасушаларының құрылысы.   |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары | 8.4.2.2 эукариот және прокариот жасушалардың құрылысын салыстыру  |
| Сабақтың мақсаты                                  | Прокариоттық және эукариоттық жасушалардың құрылыс ерекшеліктерін сипаттау;<br>Прокариоттар мен эукариоттар жасушаларын салыстыру;<br>Прокариоттық эукариоттық жасушалары тән ағзаларға мысалдар келтіру.   |
| Бағалау критерийлері                              | прокариоттық эукариоттық жасушаларын сурет бойынша ажырата алады;<br>прокариоттық эукариоттық жасушаларының айырмашылықтарын түсіндіре алады;<br>прокариот, эукариоттарға мысалдар келтіре алады  |
| Түдік мақсаттар                                   | Оқушылар:<br>прокариот және эукариот жасушаларымен байланысты негізгі терминдерге ауытша, жазбаша анықтама береді;<br>прокариот және эукариот жасушаларына тән құрылымдарды атап жасушаларды ауытша сипаттай алады;<br>прокариот және эукариот жасушаларының айырмашылықтарын сурет/сөзбеде белгілеп жаза алады;<br>ауытша сұрақтар құрастырып, қоя алады.<br>Пәнге қатысты лексика мен терминология:<br>прокариоттық жасуша, эукариоттық жасуша, жасушалық мембрана, цитоплазма, ядро, вакуоль, митохондрия, хлоропласт, рибосома, жасуша қабырғасы, мембраналы органоидтар, ядролық мембрана, талшық, калсұла, мезосома.<br>Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы:<br>Егер жасушада ядролық мембранасы бар болса, онда бұл ...жасуша. Жасушада мембраналы органоидтар кездесетін болса, бұл ...жасуша.<br>Прокариоттық жасушаның мөлшері эукариоттық жасушаға қарағанда...<br>Бұл ... ағзаға тән жасуша.<br>Бұл өсімдік / жануар жасушасы себебі.<br>Прокариоттық/эукариоттық жасушада... болады.<br>Бұл өсімдік/ эукариот жасушасы, өйткені онда ... бар |
| Құндылықтарды дарыту                              | Сабақ барысында оқушыларда ынтымақтастықта бола білу, өзгелердің пікірімен санасу, сыйластық, адамгершілік құндылықтарын дарыту жүзеге асырылады. Үлгілеу кезінде өз білімін жетілдіруге деген жауапкершілігі дамытылады. Сабақта алған білімдерін жаһандық мәселелерді шешуде қолдануға қатысты талқылаулар арқылы жаһандық азаматтық қалыптастырылады.  |
| Пәнаралық байланыс                                | Цитоплазмадағы заттар туралы білім арқылы химия пәнімен байланысады.  |
| Бастапқы білім                                    | Оқушылар жаратылыстану курсынан жасуша және ұлпа ұғымдарын біледі. 7 -сыныптан өсімдік жануар жасушаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтары, жасуша құрамбөліктері (пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана мен жасуша қабырғасы) қызметтерін біледі.  |
| Сабақтың барысы:                                  |   |

| Сабақ кезеңдері           | Жоспарланған іс-әрекетер  | Оқыту көздері мен ресурстар  |
|---------------------------|---|--|
| Сабақтың басы<br>10 мин   | 1. Білімді жаңарту үшін материалды қайталау. Слайдта органоид жасушаларының суреттері көрсетілген. «Миа шабуыл» стратегиясы арқылы оқушылар органоидтың атауын көрсетіп, оның қызметін ауызша сипаттау керек.<br>2. Мақсатты орнату.<br>Оқушылармен бірге сабақтың мақсаты тұжырымдалады: жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтерін түсіну<br>3. «Жеміс бағы» әдісі бойынша оқушыларға сабақтың мақсаты бойынша, күтілген нәтижесі мен қауіпін айқындайды. | Ағаштың суреті бейнеленген плакаттар, қағаздан қиылған алмалар мен лимондар.       |
| Сабақтың ортасы<br>20 мин | 1. «Жасушаның танымдық шеңбері» атты сыбаға. Оқушылар жаңа тақырыптың материалымен өз бетімен танысып, ондағы негізгі түсініктерді жазып шығады, алғаш негізгі органоидтарды.<br>2. Дайын өсімдік және жануар жасушаларының препараттарымен немесе фотогалереямен жұмыс. Оқушылар «Өсімдік және жануарлар жасушасын салыстыру» кестесін толтырады.  | «Жасушаның танымдық шеңбері», «Өсімдік және жануарлар жасушасын салыстыру» кестесі |
| Сабақтың соңы<br>10 мин   | Рефлексия<br>Оқушылар «Жасушаның танымдық шеңбері» атты сыбаға, «Даму шкаласына» қайта оралып бүгінгі сабақ бойынша талдау жұмысын жүргізеді.   | «Жасушаның танымдық шеңбері», «Даму шкаласы»                                       |

**Сабақтың кезеңдері бойынша орындалған тапсырмалардың нәтижесі:**

**Сабақтың басы. Алынған білімді жанақтау, қайталау. Сабақтың тақырыбымен таныстыру кезеңі:** бұл кезеңде ең алдымен оқушылардың жаңа сабақтың тақырыбы бойынша бұрыннан қалыптасқан білімдерін қайта тексереміз, қайта өсе түсіреміз. Осыған орай, «Миа шабуыл» стратегиясы арқылы оқушыларға сұрақ қою олардың бұрыннан қалыптасқан білімдері негізінде маңызды қайта жаңартыл, толықтыруға мүмкіндік береді. «Жасуша – тіршіліктің қарапайым және қызмет атқаратын өлшем бірлігі» тақырыбы бойынша оқушыларға келесі сұрақтар қойылады: 1. Жасуша дегеніміз не? 2. Кез келген тірі жасуша қандай бөліктерден тұрады? Органоидтар деген не? Органоидтардың атқаратын қызметі қандай? Өсімдік жасушасының органоидтарын атаңыз. Бүгінгі сабақта қандай мәселені қозғайтынмызды білесіздер ма?

Осы сұрақтар негізінде жаңа сабақтың тақырыбын оқушылармен талдау жүргізу арқылы таныстырамыз, ашамыз. Сабақтың мақсатын таныстырып өтеміз. Бұл оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыруға жәрдемдеседі.


**Күтілетін нәтижені анықтау кезеңі:** бұл кезең оқушыларға сабақтың мақсаты бойынша, күтілген нәтижесі мен қауіпін айқындауға мүмкіндік береді. Осы орайда, оқушылармен «Жеміс

бағы» әдісін өткізу оның нәтижелеріне сүйеніп, мұғалімге сыныпты және сыныптың әрбір оқушысын түсіне білуге жәрдемдеседі. «Жеміс бағы» әдісі бойынша алдын-ала екі ағаштың суреті бейнеленген плакаттар ұсынылды (сурет 1). Біреуіне - «Алма», екіншісіне-«Лимон» атауы беріледі. Сондай-ақ, оқушыларға алдын-ала дайындалған қағаздан қиылған ірі алмалар мен лимондар ұсынылды. Оқушыларға осы сабақтан күтілетін нәтижелері мен қауіптерін нақты анықтап алуды тапсырады. Күтілетін нәтиже мен қауіптер бірнеше болуы мүмкін. Күтілетін нәтиже мен қауіптердің қатарына оқытудың формалары мен әдістері, сабақтағы жұмыс істеу жолдары, сыныптағы атмосфера, мұғалім мен сыныптастар арасындағы қарым-қатынас кіреді. Күтілетін нәтижені оқушылар – алма, ал қауіптерін – лимон қағазына жазып алуы тиіс. Анықтап алғандар қағаздан қиылған алма мен лимон жемістерін сәйкесінше «Алма» (сурет 2), «Лимон» (сурет 3) ағаштарының бұтақтарына жабыстырады. Мұғалім оларды дыбыстайды. Күтілетін нәтижелер мен қауіптермен таныс болған соң, мұғалім бұл жайлы талқылау жұмыстарын ұйымдастырады. Оқушыларға алдын-ала бағыт беріп отырады.






1 – сурет. Жеміс бағы әдісі



2 – сурет. Күтетін нәтижелерді анықтау



3 – сурет. Оқушылардың құрпін анықтау

Бұндай әдіс оқушыларға өзінің білім алудағы негізгі мақсатын анықтап алуға, өзінің күтетін нәтижесі мен құрп-қатерімен бөлісуге септігін тигізеді. Есесіне мұғалім оқыту үрдісі барысында бұл жағдайларды ескеріп отырады.

Сонымен қатар, бұл кезеңде оқушылар алдын - ала өзінің білімдерін бағалауды ұйымдастыруға болады. Ол үшін мұғалім «Даму шкаласы» қолданады (сурет 4). Оқушылар өз білімдеріне лайық деген бағаны беріп, қағаз жүзінде белгі-

леп, мұғалімге талсырады. Жұмыс аяқталған соң мұғалім оқушыны бағалап, бағасын оқушының өзіне қойылған бағасымен салыстырады (егер оқушының бағасы жоғары болса, онда мұғалім қатамен жұмыс жасайды, егер бағасы төмен болса, онда қосымша бағаланады). 8-сынып үшін өзінің бағалауды оқушылар дербес атқаруға мүмкіндік беру үшін сабақтың аяғында оқушылар қай дәрежеге жеткендігін өздері бағалап отырады.



4-сурет. Оқушының өз білімін бағалаушы «Даму шкаласы»

Айта кететін жайт, бұл кезеңде оқушылар білім алудағы мақсатын айқындау барысында, ойын ашық айтуға дайындығы, коммуникативтік құзыреттілігін дамыта түседі.

**Сабақтың ортасы. Жаңа материалды меңгерту кезеңі:** Бұл кезеңде оқушылар жаңа материалмен таныс болады және жаңа тақырыптың мазмұны бойынша еңдеу жұмыстарын жүргізеді. Ол үшін оқушылар «Жасушаның танымдық шеңбері» атты сызба құрастырады (сурет 5).


Бұл кезеңде оқушылар жаңа тақырыптың материалымен өз бетімен танысып, оңдағы негізгі түсініктерді жазып шығады, яғни негізгі органоидтарды. Органоидтар туралы білімін шеңбер

бойында қаншалықты білетіндігі жайлы белгілеп шығады.

Шеңбердің негізгі сұрақтары:

1. Қандай түсініктер сізге таныс?
2. Қандай түсініктер жайлы біліміңізді тереңдеткіңіз келеді?
3. Қандай түсініктермен сіз жаңадан таныс болдыңыз?
4. Бұл түсініктер жайлы білу үшін қандай әрекет жасауға тиіссіз?
5. Бұл түсініктер жайлы мәліметтер сізге не үшін қажет?

**Осы сұрақтар негізінде сабақтың мақсаты анықталады.**



5-сурет. Жасушаның танымдық шеңбері

**Қарастырылатын мәселе:** Жасуша – тіршіліктің құрылымдық, қызметтік бірлігі екендігін дәлелдеу:

- Жасушаның құрылысын талдау, органоидтарын ажырату;
- Прокариот және эукариот жасушаларының

айырмашылықтарын белгілеп жазу;

- Өсімдік және жануар жасушасының айырмашылықтарын анықтау;

Бұндай әдістерді қолдану оқушылардың келесідей ӘОӘ дамытады:

- Танымдық мәселені анықтау және оларды

шеңбеу, себеп-салдар байланысын орнату, пайымдаудың логикалық пәлектерін құрау.

– Коммуникативтіс оқыту барысында мұғалім мен сыныптастарымен ынталықастықты жоспарлау, ойын ашық жеткізе білу.

Сабодқты бекіту, білімді жүйелеу кезеңі: бұл кезеңде оқушылар алған білімдерін жүйелеп бекітеді. Ол бойынша оқушылар дайын өсімдік

және жануар жасушаларының препараттарымен немесе фотогалереямен жұмыс жасау тиіс. Өсімдік және жануар жасушасының препараттарын немесе суреттерін оқушылар мұқият зерттеп, олардың атқаратын қызметіне байланысты құрылысындағы ерекшеліктерді анықтай отырып көрсеткі тоқтырады (2-кесте).

**2 – кесте**


**Өсімдік және жануарлар жасушасын салыстыру**

| Жасуша  | Суреті | Құрылысындағы ерекшеліктер | Қызметі |
|---------|--------|----------------------------|---------|
| Өсімдік |        |                            |         |
| Жануар  |        |                            |         |

Өсімдік және жануар жасушасын салыстыра отырып, оқушылар зерттеу нысандарын өзара салыстыруға, жалпылауға және негізгі материалды талдауға, түсініп білуге, қолдана алуға дайынланады.

Сабодқтың соңы, Рефлексия кезеңінде: бұл кезеңде оқушылар «Жасушаның танымдық шеңбері» атты сызбаға қайта оралады. Сызба бойынша оқушылар бүгінгі сабақ бойынша талдау жұмысын жүргізеді (сурет 6).

1. Сызба бойынша қандай мәгерістер орын алды?
2. Қай оқушыда жақсы көрсеткіштер байқалды?
3. Жасуша органдары жайлы қы көп ақпаратты мөңгере алды?
4. Одан әрі жетістіктерге қол жеткізу үшін қандай шаралар қолдану керек?



6-сурет. Жасушаның танымдық шеңбері

Екінші кезеңде оқушылар «Даму шкаласы» бойынша талдау жүргізеді (сурет 7):



7-сурет. Сызбадың аяқталуы кезінде оқушылардың алған білімін бағалауы

1. Нәтижеге қол жеткізу үшін алташары қандай болды?

2. Шкала бойынша ілгерілеуге не себеп болды?

3. Сіз үшін сабақтағы маңыдаы жәдәй?

4. Сабақ барысында алынған білімдеріңізді қолдана алдыңыз ба?

5. Күтілетін нәтижелерге қол жеткізе алдыңыз ба? Егер де жоқ болса, оқушылар өздерінің пікірімен бөлісіп, ұсыныстарын айтады. Айтарлық қосымша ақпарат көзімен танысу, танымдық бағдарламаларды қарау және т.б.

Қорытынды Коуч әдістемесін қолдану барысында оқушылардың көлесі құзыреттіліктерін дамытуға болады:

- оқушының сабаққа деген қызуғушылығын арттырады;

- оқушының сабаққа деген өзіндік мағыналы көзқарасы қалыптасады; ішкі позициясы, өзін-өзі бағалауы;

- оқушының регулятивті қабілетін қалыптастырады; әр түрлі жағдайда саналы түрде өз әрекеттерін, жағдайын, нтиасын басқарып отыруы;

- оқушының танымдық қыметін дамытады; мәселені анықтау және оларды шешу, себеп-салдар байланысын орнату, пайымдаудың, логикалық тапқырларын құрастыруы;

- оқушының коммуникативтік іс-әрекетін жетілдіреді;

білдіреді; оқыту барысында мұғалім мен сыныптастарымен ынтымақтастықты жоспарлау, ойын ашық жеткізе біледі.

Коучинг әдістемесі оқушының ішкі іс-әрекет потенциалын дамытуды қамтамасыз етеді. Білім алуда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқудың әр түрлі талаптарына сай қабілеттіліктері өз өмірінің белсенді құраушысы, құрастырушы қабілеттіліктері өз алдына мақсаттарын қойып, оларды шеше білу икемділігі; тәуелсіз таңдауға деген қажеттілігі мен осындай таңдау жасауды жауапкершілігі, сондай-ақ, оқушылардың өз мүмкіншіліктерін максималды түрде қолдануға қажетті жағдайларды жасауға; оқушылардың өз білімдерін арқашан шындей түсетін білім беру көңісігін қалыптастыра алады. Осыған орай, коуч оқушыға бағыт-бағдар беріп, тәжірибесімен бөлісіп, олардың мақсатына сәтті қол жеткізуге жәрдемдеседі [Жартынова Ж.А., 2014, б. 92].

Қорытындылай келе, оқытудың жаңа технологиялары негізінде ұйымдастырылған биология сабақтары тек білім сапасын арттыруға, оқушылардың пәндік және түйінді құзыреттерін қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге оқушылардың өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға ретінде қалыптастыруға және де өз белгімен ідею дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аблайханова Н.Т., Сайдамытова А., Мухитдинов А.М., Үсіпбек Б. Сынып түрғыдан ойлау технологиясы негізінде биология сабағын ұйымдастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, 2020. №3/2. – Б. 146-154.
2. Горностаева Ж.В. Коучинг как метод повышения эффективности деятельности предприятия // Экономический вестник Ростовского государственного университета, 2007. №1/2. – С. 85-88.
3. Жартынова Ж.А., Қасымова А.А., Корнилова Т.Б., Оракова А.Ш. Настольная книга учителя – коуча (учебное пособие для системы повышения квалификации учителей). – Алматы: филиал АО ИЦПҚ «Өрлеу» РИПҚ СО Республики Казахстан, 2014. – 92 с.
4. Павлов А.В., Койва Е.С. Коучинг в образовании // Успехи в химии и химической технологии, 2012. Т. 26. №8 (137). – С. 131-135.
5. Примбетова М.Б. Студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруда оқытудың жаңа технологияларын қолдану // Басекеге қабілетті маман даярлаудағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуды модернизациялаудың өзекті мәселелері Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, 2012. – Б. 114-116.

